

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан)**

**«AMANAT» партиясының әйелдер қанаты
(Қазақстан)**

**Низами атындағы Өзбекстан ұлттық
педагогикалық университеті (Өзбекстан)**

Ош мемлекеттік университеті (Қырғызстан)

Данғара мемлекеттік университеті (Тәжікстан)

**Сейтназар Сейди атындағы Түрікмен мемлекеттік
педагогикалық институты (Түрікменстан)**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ- ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ:
«ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ:
ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ»**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL
SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
«PSYCHOLOGY IN CENTRAL ASIA:
DEVELOPMENT PATHS AND PROSPECTS»**

**МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ:
«ПСИХОЛОГИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ:
ПУТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»**

Астана қаласы
28 мамыр 2025 ж.

УДК 159.9
ББК 88.3
О-72
ISBN 978-601-08-5194-8

Рецензенты:

Перленбетов Мухан Атенович - доктор психологических наук, профессор. Президент "Казахского психологического общества", Академик Казахстанской национальной академии естественных наук
Менлибекова Гульбахыт Жолдасбековна - доктор педагогических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева

Организационный комитет

Председатель: Сыдыков Ерлан Батташевич - Председатель Правления – ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, доктор исторических наук, академик НАН РК, профессор

Сопредседатель: Каринова Шолпан Танатовна - Секретарь партии «AMANAT»

Заместители председателя, Сопредседатели Женского крыла партии «AMANAT»:

Мусралимова Айна Ермаковна - Депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан

Шаукенова Зарема Каукеновна - Академик НАН РК, доктор социологических наук, профессор

Куантаев Нуржан Куантайұлы - Декан факультета журналистики и социальных наук ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, кандидат филологических наук, доцент

Оргкомитет:

Мамбеталина Алия Сактагановна - Заведующая кафедрой психологии Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, кандидат психологических наук, ассоциированный профессор

Умарова Навбахор Шокировна - Заведующая кафедрой практической психологии Национального педагогического университета Узбекистана имени Низами, доктор психологических наук, доцент (г. Ташкент, Узбекистан)

Гафурова Дилором Джаборовна - Заведующая кафедрой педагогики и психологии Дангаринского государственного университета, доцент, кандидат педагогических наук (г. Дангара Таджикистан)

Жолдошева Акчач Олмасовна - Профессор кафедры психологии Ошского государственного университета, доктор психологических наук (г. Ош, Кыргызстан)

Мурадова Сахрагуль Бабаниязовна - Заведующая кафедрой психологии Туркменского государственного педагогического института имени Сейитназара Сейди, Туркменабат Туркменистан

Члены оргкомитета, редакционная коллегия: Рыскулова М.М., Абенова С.У., Менлибекова Г.Ж., Джексембаева Г.С., Тусупбекова Б.С., Гитихмаева Л.М., Токатлыгыль Ю.С., Айтышева А.М., Ганиева Г.Х., Нагымжанова К.М., Уталиева Ж.Т., Абдыкаликова М.Н., Мандыкаева А.Р., Шнайдер Д.Ж., Умирзакова А.М., Айкинбаева Г.К., Байжуманова Б.Ш., Бекеева Г.С., Карибаева Г.М., Аубакирова Ж.К., Нурадинов А.С., Құнанбаева М.Н.

ISBN 978-601-08-5194-8

Все статьи публикуются в авторской редакции
Барлық мақалалар авторлық нұсқада жарияланған
All articles are published in the author's version

Жинаққа «ОРТА АЗИЯДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ: ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енгізілген. 28.05.2025 ж, «KazServicePrintLTD» ЖШС Астана қ. - 780 бет
The collection includes materials from the International Scientific and Practical Conference: "PSYCHOLOGY IN CENTRAL ASIA: PATHS AND PROSPECTS FOR DEVELOPMENT." May 28, 2025, «KazServicePrintLTD» LLP, Astana - 780 pages.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции: «ПСИХОЛОГИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: ПУТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ». 28.05.2025, ТОО «KazServicePrintLTD» г. Астана - 780 стр.

Настоящий сборник составлен по материалам международной научно-практической конференции «Психология в Центральной Азии: пути и перспективы развития», состоявшейся 28 мая 2025 года в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева (г. Астана).

Цель конференции - обмен научными знаниями и практическим опытом в области психологии, обсуждение актуальных вопросов психологической науки и образования в странах Центральной Азии, а также развитие академических и профессиональных связей между специалистами.

Сборник адресован научным и педагогическим работникам, ведущим теоретические и прикладные исследования в области психологии, практикующим специалистам, работающим с различными категориями населения, а также представителям смежных сфер. Особое место в целевой аудитории сборника занимают молодые учёные, студенты, магистранты и докторанты, для которых представленные материалы могут служить ценным ресурсом в научной, учебной и практической деятельности.

Материалы публикуются в авторской редакции, редколлегия не несёт ответственность за содержание авторских материалов.

IV

**ТҰЛҒА ПСИХОЛОГИЯСЫ МЕН
ӘЛЕУМЕТТІК ТОПТАРДЫҢ ӨЗЕКТІ
ҚОЛДАНБАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ**

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРИКЛАДНЫЕ
ИССЛЕДОВАНИЯ ПСИХОЛОГИИ
ЛИЧНОСТИ И СОЦИАЛЬНЫХ ГРУПП**

**RELEVANT APPLIED RESEARCH IN THE
PSYCHOLOGY OF PERSONALITY AND
SOCIAL GROUPS**

Литература

1. Аристотель. Сочинения: в 4 т. / пер. с древнегреч., вступ. ст., примеч. и указ. С. И. Соболевского [и др.]; под общ. ред. А. И. Доватура. – М.: Мысль, 1975–1983.
2. Аткинсон, Р. К., Хильгард, Э. Р. Введение в психологию / пер. с англ.; под ред. Ю. Б. Гиппенрейтер, В. Я. Ляудис. – М.: Аспект Пресс, 2020. – 864 с.
3. Баарс, Б. Дж. В театре сознания: глобальная рабочая модель / пер. с англ. Е. В. Барабаншиковой. – М.: URSS, 2021. – 352 с.
4. Гегель, Георг Вильгельм Фридрих. Наука логики / Г. В. Ф. Гегель; пер. с нем.; под ред. И. С. Наругана. – М.: Мысль, 1970. – 682 с.
5. Дейян, М. И. Когнитивная психология: теория и практика / М. И. Дейян. – СПб.: Питер, 2022. – 416 с.
6. Демокрит. Фрагменты / Демокрит ; сост., пер. и коммент. А. А. Тахо-Годи. – М.: Наука, 1970. – 248 с.
7. Капитал: критика политической экономии. Т. 1 / К. Маркс; пер. с нем. Н. Ф. Даниельсона. – М.: Политиздат, 1978. – 896 с.
8. Курбанов, О. И. Алгебра Экономики. Модель познаваемой реальности. Ч. 1. Основные положения / О. И. Курбанов. – Астана: Central Asian Scientific Journal, 2024. – № 50231 (7 октября).
9. Курбанов, О. И. Алгебра Экономики / О. И. Курбанов // Central Asian Scientific Journal. – 2024. – № 5-4 (24). – С. 181–193. – DOI: 10.48614/ca.24.5.24.80329814.
10. Лоренц, Эдвард. Определенность и непредсказуемость: определение хаотических систем / Э. Лоренц // Современная теория динамических систем. – М.: Мир, 1984. – С. 123–145.

УДК 159.952

К-ПОП ЖАНКҮЙЕРЛЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПОРТРЕТІ

БОЛАТБЕКҚЫЗЫ ТӨРЕҚЫЗ

torekyzz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ "Психология" кафедрасы «Дағдарыс психологиясы»
мамандығының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Нурадинов А.С

Аннотация. Қазіргі заманғы музыкалық мәдениет — бұл үнемі өзгеріп отыратын, күрделі әрі көпқырлы құбылыс. Осы кең кеңістікте ерекше орын алатын бағыттардың бірі — к-поп (корей поп-музыкасы). 1990-жылдары Оңтүстік Кореяда пайда болған бұл жанр бүгінде жаһандық танымалдылыққа ие болып, әлемдік мәдени үрдістерге елеулі ықпал етуде. К-поп тек музыкалық стиль ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды мәдени құбылыс ретінде жеке тұлғаның дүниетанымы мен психологиясына әсер етеді.

К-поп жанкүйерлігі жай ғана музыкалық қызығушылық емес, ол жанкүйердің ішкі әлеміне, өзін-өзі танытуына, әлеуметтік қатынастар жүйесіне және психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру жолына айналған күрделі құбылыс. Бұл феноменді зерттеу — қазіргі жастардың психологиясы мен мәдениетаралық өзара әрекеттесуін түсінудің маңызды кілттерінің бірі.

Осы жұмыстың мақсаты — К-поп жанкүйерлерінің психологиялық портретін тұлғалық, мотивациялық, эмоциялық және мінез-құлықтық тұрғыдан кешенді талдау.

Кілтті сөздер: К-поп, фанатизм, жастар психологиясы, парасоциалды қатынастар,

сәйкестену, өзін-өзі бағалау, фандом, бұқаралық мәдениет, эмоциялық байланыс, мінез-құлық үлгілері.

К-поп жанкүйерлерінің психологиялық портретін сипаттау – бұл олардың тұлғалық, мотивациялық, эмоционалдық және мінез-құлықтық ерекшеліктерін жүйелі талдау арқылы жүзеге асатын кешенді міндет. Бұл феномен қазіргі заманғы субмәдениеттік үрдістер мен медиа-коммуникацияның тоғысындағы ерекше әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде қарастырылады [1].

К-поп фанатизмі – бұл жай ғана музыкалық қызығушылық емес, жанкүйердің ішкі әлеміне, әлеуметтік қатынастарына, өзін-өзі танытуына және психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру жолына айналған күрделі жүйе. Жанкүйерлік белсенділік адамның психикасында жүріп жататын түрлі үдерістермен — эмоция, мотивация, идентификация, бейімделу және т.б. — тығыз байланысты [1; 256].

К-поп жанкүйерлері көбінесе жасөспірімдер мен жастар қатарында болғанымен, зерттеулер көрсеткендей, бұл аудитория 15 жастан 50 жасқа дейінгі кең жас диапазонын қамтиды. Бұл жағдай психологиялық портретті жас ерекшеліктеріне қарай саралап қарастыру қажеттігін туындатады. Жасөспірімдерде — өзін-өзі іздеу, еліктеу, идентификациялық модель іздеу үрдістері белсенді жүрсе, ересек аудиторияда — мәдени қызығушылық, эмоционалды компенсация немесе эстетикалық қажеттілік басым болуы мүмкін [1; 256].

Жанкүйерлердің психологиялық бейнесін талдауда бірнеше іргелі бағыттарды ажыратуға болады:

Көптеген ғылыми еңбектерде К-поп жанкүйерлеріне тән негізгі тұлғалық сипаттамалар ретінде келесі ерекшеліктер аталады:

Экстраверсия — бұл сипат олардың қоғамдық белсенділігінде, концерттерге қатысуында, фан-парақшаларды жүргізуінде, топтық іс-шараларды ұйымдастыруында көрініс табады. Бұл тұлғалар әлеуметтік белсенділікке бейім, байланыс орнатуға ұмтылғыш [2].

Ашықтық (openness to experience)— К-поп фанаттары көбіне жаңа мәдениетке, шетел тіліне, стильдер мен эстетикаға қызығушылық танытады. Бұл ерекшелік олардың креативтілігін, қиялын және өзіндік өрнекке ұмтылысын сипаттайды [2; 289].

Эмоционалдық сезімталдық — жанкүйерлер әртістердің эмоциялық күйін сезінуге, оларға жанашыр болуға бейім. Парасоциалдық қарым-қатынас олардың эмоционалдық тәжірибесін күшейтіп, ішкі уайымдарын жобалауға жол ашады [2; 289].

Моральдық тұрақтылық пен жауапкершілік— жанкүйерлердің көпшілігі өз фандомының ережелерін сақтайды, ұжымдық моральды басшылыққа алады. Сонымен қатар, фанаттық әрекеттерінде әділеттілік пен адалдық принциптері жоғары тұрады (мысалы, дауыс беру кезінде, альбом сатып алу, қайырымдылық акцияларына қатысу) [2; 289].

Нейротизм— кей жағдайларда эмоционалдық тұрақсыздық,

идеализация, жалғыздық сезімі байқалуы мүмкін. Әсіресе парасоциалды байланыс тым тереңдеген кезде, тұлға айдолдармен байланыс орнату иллюзиясынан ажырай алмай қалуы ықтимал [3].

К-поп жанкүйерлерінің психологиялық портретін айқындайтын негізгі компоненттердің бірі — олардың эмоционалдық реакциялары мен ерік қасиеттері. Бұл топтың эмоционалды ерекшеліктері өте айқын және кейде айрықша көрініс табады: олар сүйікті әртістерінің шығармашылығына шынайы толқумен жауап береді, олардың сәтсіздіктері мен жетістіктерін терең қабылдайды, тіпті кей жағдайларда бұл эмоционалдық байланыс нақты тұлғааралық қарым-қатынастардан да маңыздырақ орын алуы мүмкін [3; 56].

Эмоционалдық қатысушылық — К-поп жанкүйерлері үшін эмоция — басты қозғаушы күш. Олар музыка тыңдау, бейнебаян көру, фан-жобаларға қатысу сияқты әрекеттер кезінде қуаныш, сүйіспеншілік, сағыныш, ризашылық сияқты эмоцияларды терең сезінеді. Бұл эмоционалдық күй көбіне катарсис қызметін атқарады: яғни, тыңдарман ішкі шиеленіс пен күйзелісті эмоционалдық босату арқылы жеңілдетеді [3; 56].

Парасоциалдық байланыс — жанкүйерлердің эмоционалдық жақындығы көбіне біржақты сипатта болады. Бұл өзара әрекет болмаса да, олар өздерін айдолдармен тығыз байланысты сезінеді, олардың сөздері мен әрекеттерінен психологиялық тірек табады. Бұл феномен әсіресе өзіндік бағасы төмен немесе шынайы әлеуметтік қолдаудан тапшылық көретін жастарда жиі байқалады [3; 57].

Эмпатия — жанкүйерлер өз айдолдарының көңіл-күйін, ауыртпалығын немесе қоғамда орын алған реакцияларды жоғары деңгейде қабылдайды. Мысалы, егер белгілі бір топ мүшесі ауруға шалдықса немесе топ тарайды деген қауіп туса, фанаттар арасында бұл үлкен алаңдаушылық тудырып, олар эмоциялық қолдау көрсету үшін ұжымдасып әрекет етеді (әлеуметтік желіде хэштег кампаниялары, моральдық қолдау флешмобтары және т.б.) [3; 57].

Ерік қасиеттері — к-поп жанкүйерлерінің белсенді бөлігінде табандылық, жауапкершілік, мақсаттылық байқалады. Олар контент жасау, ақпарат жинау, кампания жүргізу сияқты әрекеттерде жоғары мотивациямен және шыдамдылықпен ерекшеленеді. Көптеген жанкүйерлер өздерінің сүйікті топтарын қолдау мақсатында жүйелі жоспар құрып, айтарлықтай уақыт пен ресурстарын жұмсайды. Бұл — ерік-жігердің нақты көрінісі [3; 58].

Сонымен қатар, бұл жанкүйерлік ерік құрылымы көбіне топтық қолдау сезімімен және эмоционалдық маңыздылықпен ұштасып отырады. Топқа қатыстылық сезімі (sense of belonging) — бұл ерікті күш жұмсаудың ішкі себепшісі [4].

Алайда, эмоционалдық жауаптың шамадан тыс болуы кейбір тәуекелдерді тудырады. Мысалы, саесэн (sasaeng) деп аталатын мінез-құлық түрі — бұл әртістің жеке өміріне заңсыз араласу, жеке шекараны бұзу — шынайы жанкүйерліктен психологиялық тәуелділікке дейінгі шекараның бұлынғыр екенін көрсетеді [4; 42].

К-поп жанкүйерлерінің жанкүйерлік мінез-құлқы кездейсоқ немесе үстірт қызығушылықтың нәтижесі емес. Олардың белсенділігі терең мотивациялық негіздерге сүйенеді, бұл мотивациялар тұлғалық қажеттіліктердің, әлеуметтік факторлардың және эмоционалды тәжірибелердің күрделі тоғысында қалыптасады [4; 42]. К-поп фанатизмінің мотивациялық құрылымын бірнеше негізгі деңгейге бөліп қарастыруға болады:

Жанкүйерлер ең алдымен эмоционалды қанағаттану іздейді. Музыканың, әртістердің бейнесінің және фандом қауымдастығының арқасында олар позитивті эмоциялар, рухани қолдау және күнделікті күйзелістерден уақытша босану мүмкіндігін табады. К-поп шығармалары жиі өмірлік қиындықтарды, махаббатты, өзін-өзі қабылдауды жырлайтындықтан, олар тындармандардың ішкі сезімдерімен үндеседі. Бұл эмоционалды резонанс жанкүйерлік әрекеттің негізгі қозғаушы күшіне айналады [5].

Фандомға мүшелік жанкүйерлерге әлеуметтік тиістілік сезімін береді. Әлеуметтік желілерде және офлайн іс-шараларда басқа жанкүйерлермен қарым-қатынас жасау арқылы олар өзін қоғамда маңызды әрі қабылданған адам ретінде сезінеді. Маслоу иерархиясы тұрғысынан алғанда, бұл әлеуметтік қажеттіліктердің (достық, қолдау, топқа жату) қанағаттандырылуының бір түрі [5; 95].

Көптеген жанкүйерлер белгілі бір айдолмен өзін сәйкестендіреді. Бұл процесс тұлғалық даму барысында үлгі тұтарлық бейнелерді іздеуге тән. Әсіресе жасөспірімдер кезеңінде К-поп әртістерінің еңбекқорлығы, табандылығы, өзін-өзі дамытуға ұмтылысы сияқты қасиеттері жастар үшін психологиялық маңызы зор үлгіге айналады. Идентификация өзін-өзі бағалауды қолдап, өмірлік мақсаттар қоюға ынталандырады [6].

К-поп жанрының музыкалық және визуалды элементтері ерекше тартымдылыққа ие. Әртістердің хореографиясы, сахналық бейнелері, клиптердің стильдік шешімдері тындарманның эстетикалық талғамына жауап береді. Музыкалық композициялар түрлі жанрлық элементтерді біріктіретіндіктен, тындарман әрдайым жаңа әсерлер алады және бір сарындыдан жалықпайды [6; 49].

Кейбір жанкүйерлер к-поп мәдениетін тану арқылы білімдерін кеңейтуді көздейді. Оларға корей тілін үйрену, Оңтүстік Кореяның тарихы мен мәдениеті туралы ақпарат жинау қызықты. Бұл мотивация олардың когнитивті белсенділігін арттырып, мәдениаралық коммуникация қабілеттерін дамытады.

Көптеген жанкүйерлер өз шығармашылығын фан-арт, фанфик, бейнежобалар арқылы жүзеге асырады. Бұл процесс өзіндік әлеуетті танытуға мүмкіндік береді және жеке тұлғаның өзіндік құндылығын нығайтады. Әсіресе әлеуметтік желілердегі белсенділік өзін-өзі көрсету алаңына айналып отыр [7].

К-поп жанкүйерлерінің когнитивтік және мінез-құлықтық ерекшеліктері олардың ақпаратты қабылдау, өңдеу және әрекетке көшу

тәсілдерімен тығыз байланысты. Бұл аспектілер жанкүйерлік белсенділіктің тұрақтылығын, тереңдігін және әлеуметтену процесіндегі рөлін түсінуге мүмкіндік береді [7;88].

К-поп фанаттары жоғары ақпараттық белсенділікпен ерекшеленеді. Олар айдолдар туралы ақпаратты жүйелі түрде іздеп, жинақтайды, салыстырады, талдайды және көп жағдайда оны өздері де өңдеп, жаңа медиа-контент түрінде ұсынады (мысалы, фан-видео, постерлер, аналитикалық посттар) [7; 89].

Мұндай когнитивті белсенділік бірнеше қабаттан тұрады:

Таңдамалы зейін: жанкүйерлер өздерінің қызығушылықтарына қатысты ақпаратты ерекше дәлдікпен аңғарып, оны басқа мазмұннан бөліп алады [7;89];

Психика: фанаттар өз сүйікті топтарының тарихын, мүшелерінің туған күндерін, клиптердегі сюжеттер мен сөздерді есте ұзақ сақтай алады [7;89];

Ақпараттық шолу: олар өздеріне қызық тақырыптар бойынша түрлі ақпарат көздерін салыстырып, фактчекинг элементтерін пайдаланады [7;89].

Кейбір фанаттар «медиа сарапшысы» деңгейіне жетіп, өз ортасында бейресми экспертке айналады. Бұл зияткерлік белсенділік жанкүйерлердің өзіндік бағасын арттырып, әлеуметтік мәртебеге ие болуға мүмкіндік береді [7;89].

К-поп жанкүйерлерінің мінез-құлқы жоғары ұйымдасқандықпен, өзіне тән ритуалдармен және символдық жүйемен ерекшеленеді [8]. Жанкүйерлердің белсенділігі тек жеке тұтынумен шектелмейді, ол ортақ ұжымдық әрекеттерге ұласады:

Ұжымдық акциялар: альбомдарды ұжыммен сатып алу, дауыс беру компанияларын жүргізу, тренд қалыптастыру үшін хэштег тарату [8; 380].

Креативті белсенділік: фанарт, фанфик, видеомонтаж жасау. Бұл белсенділік тек эмоциялық жауап ғана емес, тұлғалық әлеуеттің жүзеге асуы [8;380].

Қоғамдық әрекет: кейбір фандомдар әлеуметтік мәселелерге үн қосып, қайырымдылықпен айналысады, білім беру немесе экологиялық акцияларға қатысады [8; 380].

Ритуалдық мінез-құлық: концертке барғанда арнайы жарық шамдарды қолдану, белгілі киім үлгілерін кию, фанат әнұрандарын айту — бұлар топтық сәйкестендіруді күшейтеді [8; 380].

Көптеген жанкүйерлер өздерінің фандом белсенділігін онлайн-платформаларда жүзеге асырады: Twitter, TikTok, You Tube, Instagram және Weverse [9]. Бұл мінез-құлықта виртуалды желілік белсенділік ерекше орын алады. Жанкүйерлер:

- контент жариялайды;
- пікір қалдырады;
- пікірталастарға қатысады;
- фандом ішіндегі моральдық нормаларды бақылайды [9;70].

Алайда, мұндай белсенділік кейде әлеуметтік желіге тәуелділікке,

экран алдындағы уақыттың артуына және тұлғааралық шынайы байланыстардың азаюына әкелуі мүмкін [9; 70].

Жанкүйерлердің бір тобы өз эмоцияларын, уақытын және фанаттық белсенділігін тиімді басқара алады. Бірақ кейбір жағдайда өзін-өзі бақылау механизмдері әлсіреп, фанаттық мінез-құлық обсессивті сипатқа ие болады. Бұл жағдайда әлеуметтік желідегі шексіз белсенділік, идеализацияланған айдол бейнесіне тәуелділік, шынайы өмірдегі қызығушылықтардан ажырау байқалуы мүмкін [9; 71].

Қорытындылай келе, К-поп жанкүйерлері — бұл қазіргі заманғы жаһандық мәдени процестердің, медиа-коммуникацияның және тұлғалық даму механизмдерінің қиылысында қалыптасқан ерекше әлеуметтік-психологиялық құбылыс. Олар тек музыканы тұтынушылар емес, сонымен бірге белсенді мәдени өндірушілер, медиа агенттер, әлеуметтік қатынастар субъектілері.

Жанкүйерлердің психологиялық портреті әртүрлі деңгейлер мен типтерді қамтиды, олардың мотивациясы — тек сыртқы әсерлердің емес, тұлғалық қажеттіліктер мен ішкі эмоциялық сұраныстардың нәтижесі. Фанатизм мен қалыпты жанкүйерліктің арасындағы шекараны сақтау — жастар психологиясын қорғаудың маңызды шарты.

К-поп феноменін ғылыми тұрғыдан зерттеу арқылы біз қазіргі ұрпақтың әлеуметтік-психологиялық құрылымын, медиа мен мәдениетке деген қатынасын және тұлғалық өзін-өзі таныту механизмдерін тереңірек түсіне аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Kim Youna. Media Consumption and Everyday Life in Asia. – New York: Routledge, 2008. – 256 p.
- 2 Чой Дж. Психология корейской волны. – Сеул: Seoul Cultural Publishing, 2019. – 289 с.
- 3 Хан Юнми. К-поп және жаһандық мәдениет: жасөспірімдердің әлеуметтік-психологиялық дамуындағы рөлі // Мәдениет және өнер журналы, 2022. – №3. – Б.55–63.
- 4 Цой Е., Байғожина Л.Ж. К-поп субмәдениетінің жастардың тұлғалық дамуындағы рөлі // Психология және педагогика мәселелері, 2023. – №2(38). –
- 5 Таңатарова Ж.Қ., Ерғалиева М.Б. Жастар субмәдениеті және әлеуметтік белсенділік: К-поп феномені мысалында // ҚазҰУ Хабаршысы. Әлеуметтану сериясы, 2021. – №1(78). – Б.94–102.
- 6 Ли Дж. (2021). Культурная идентичность и вовлеченность молодежи в эпоху К-поп. Азиатские культурные исследования, 10(4). - С.45-67.
- 7 Ким Ю. и Пак, Х. (2020). К-поп фэндом и его психологическое воздействие на молодых людей. Журнал исследований популярной музыки, 15(2). - С.87-103.
- 8 Радугин А.А. Культурология. Курс лекций. – М.: Центр, 2021. – 380 с.
- 9 Лим Дж. (2020). Психологическое воздействие онлайн-сообществ фанатов в индустрии К-поп. Обзор психологии СМИ, 12(3). - С.56-78.